



Көңілдің кейбір кездері...

Өмір! Сені не нәрсеге теңесем...?
Сағым-түстей құбыласың неге Сен?
Елесіне арман-қызыл түлкінің.
Алданумен кетті сенде көп есем.

Өкінемін.
Кетті сенде көп есем,
Енді саған болар еді не десем?
Шуағыңа шомылдырған жанымды,
Аязыңа тоңдырасың неге сен?

Құйындатып,
Мың құбыпып күніне,
Жанарымды толтырасың күліңе.
Ару-Күннің қандырып ап нұрына,
Тоғытасың сонсын қара туніңе.

Келесің-ау
Талай көрмек таттырып,
Таңдайыма ащы уыңнан қақ тұрып...
Шығарып ап асқарына бақыттың,
Шыңырауға жібересің лақтырып!

Қайран қалам,
Ғажабыңа таңдана,
Шайқайсың көп оңыңа да, солға да...
Әрі сұлу, әрі сайқал өмір-қыз,
Сүйем сені, сүйем сені сонда да!

17.05.2006 жыл

xxx

Өз басыма жетпей жүріп табысым,
Қайғы шектім қаймананың қамы үшін.
Таяқ жедім тектен-текке төксізден,
Қорғансыздың қорғаймын деп намысын.

Жылан көзді жауызбен де арбастым, \
Андаусызда опықжедім, жар бастым.
Жалған айтып, жүріты алдаған төренің,
«Шын сөйле!» - деп жағасына жармастым,

Қарамай-ақ атағына, затына,
Қателікті айттым жанға батыра.
Үнім шықпай, қолдау таппай, шаң қаптым,
Айқай қосып ауы/ідастың атына.

Қорлап Жатса ата-баба мұрасын,
Қиянатқа қалай шыдап тұрасың?!
Шыр-пыр етіп әділетке жүгінсең -
«Жаңашылға» қарсы шыққан боласың

Адалдық пен әділет боп баққаным.
Атқа мінген пысықтарға жақтадым
Қайда барсам - тасқа тиіп маңдайым,
Ақиқаттың жағалауын таппадым.»

Саф алтынды айырам деп темірден,
Сан-мын сауал жүйкені жеп, кемірген.
Шындық іздеп нем бар еді, Құдай-ау,
«Жалған дүние» деген мынау өмірден?!
1.02.2007 жыл.

xxx

Тізбек ойда тіркескен шек болмайды:
Өткен жайлы,
Келетін көктем жайлы.
Қуаныш та - көңілді жадыратар,
Құлазытып жаныңды кеткен қайғы...

Бәрі-бәрі ойыңа оралады,
Теріс шықса қиялдың жорамалы...
Елу қырдың астынан бұлдырайды,
Он сегіздей арудың орамалы.

Ой-бұлағым құрдымға құмығады,
Түн жарымда көз зорға жұмылады.
Бар тылсымды ұғуға ынтық болған,
Менің құйын-күйімДі кім ұғады?

Сағыныштан сарғайып сана тағы,
Сансыз ойды созбалап таратады.
Келер күнім енді не әкелер деп,
Елеңдеумен тағы бір таң атады.
4.02.2007 жыл.



Бауырды аңсау

Жаралы жүрек кеудемде аһ ұрған кезде,
Сарыала таңды сарғайып атырған кезде.
Іздеймін Сені жаныма медет таба алмай
Жалғандық-жауыз тізесін батырған кезде.

Іздеймін сені!
Кеңілді шаң қаптағанда,
Сағатым тоқтап, күн батып, таң атпағанда...
Іздеймін тағы шаттығым шарадан асып,
Қуанышымды бөлісер жан таппағанда.

Іздеймін сені!
Санамды мұң торлағанда,
Арман-ойымның шыңына бұлт орнағанда.
Пәсейіп көңіл қапады өзінді жоқтап,
Қаскөй дұшпанның жағасын жырта алмаған-

Өмірді сонда сұрықсыз күздей көремігі,
Сонда да өлмес үмітті үзбей келемін.
Жабырқасам -дағы;, Жан бауыр, жадырасам
да,
Ойсырап жаным,
Бір сені іздей беремін...



19.05.2006 жыл.

Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ.